**№2 «Шағала» бөбекжайы МКҚК**

**№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы**

1. **Тақырыбы: «**Ұлттық мұраны қастерлеуде, қазақ тілін құрметтеу дағдыларын енгізу**»**

**Өткізген күні:** 29 қараша 2024 жыл
**Қатысқан:** 9 педагог
**Қатыспаған:** жоқ
**Педкеңес төрайымы:** Иманбаева А.С
**Хатшы:** Гиниятова А.Б.

**Мақсаты**: Ұлттық мұраға ұқыпты қарауға тәрбиелей отырып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.

**Күн тәртібінде:**

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы. Әдіскер: Ахметкереева Л.С.
2. **Тақырыптық бақылау** «Күн тәртібінде қазақ тілі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің сапасы және бастапқы бақылау нәтижелері туралы сараптама.
Меңгеруші: Иманбаева А.С.
3. Баяндама. «Халық ауыз әдебиетіни мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану»
Куанова Л.М.
4. «Тіл татулық – тірегі» мәнерлеп оқу байқауы қорытындысы.
Әдіскер: Ахметкереева Л.С.
5. Әр түрлі мәселелер

1. Бірінші мәселе бойынша Әдіскер: Ахметкереева Л.С №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталып, бекітілген жоспарлар бойынша жұмыстардың орындалып және әр топтағы құжаттар ережеге сай жүргізіліп жатқанын айтты.
2. Тақырыптық бақылау: «Күн тәртібінде қазақ тілі ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің сапасы және бастапқы бақылау нәтижелері туралы сараптама.» қорытындысы негізінде меңгеруші Иманбаева А.С. өз көзқарасын білдірді. Ересек және ортаңғы топ балаларының тілдік минимумым және қазақ тілінде дұрыс сөйлеуінің артта екеніне ескерту жасады. Күнделікті іс-әрекеттерде балалардың қазақ тілінде сөйлеу тілін дамыту бойынша қазақ тілі пәні мұғалімдері мен тәрбиешілерге жүйелі жұмыстар жүргізу керек екенін ескертті.
3. Соңғы кезде балалардың сөйлеу, тіл дамуының проблемасы өткір мәселе болып тұр. Неге балалар нашар сөйлейді? Мүмкін біз олармен сөйлеуді ұмытқандықтан немесе ата-аналар балаларымен сөйлескенде мақал-мәтел, нақыл сөздер сирек қолданады. Негізінде, халық ауыз әдебиеті адамдарды мейрім шуағын оятатын ғажайып қабілетке ие. Балалармен жұмыс жасағанда халық ауыз әдебиетін қолдану — Баланың тілін, ойлауын дамыту, мінез-құлқын реттеу, жеке тұлғаның ара қатынаста дұрыс моральдық тәжірбие жинақтау үшін жақсы жағдай жасайтынын және келесі жұмыс түрлерін жүргізуге болатынын айтты.

кіші кітапшалар дайындау;
топта ертегілері бар аудио, видио дискілер жинақтау;
балалар суретінен байқау көрмелер уйымдастыру;

ашық ұйымдастырылған іс -әрекеттер, мерекелер;
сауалнама;
әңгімелер;
жеке, ұжымдық кеңестер;
ата-аналар жиналысы;
қазақ, орыс халық ертегілеріне костюмдер, атрибуттар жасауға көмекке ата-аналарды тарту;
бірнеше мәрте жұмыстарымен бірлесіп көрмелер уйымдастыру
ата-аналар бұрышында жиі-жиі баланың сөйлеу жылдамдығын дамытуға арналған материалдар, халық ауыз әдебиеті туралы альбомдар жинақтау.

Сөйлеу тілін дамытудағы тиімді тәсілдердің бірі – мнемотехника әдісі. Осы тұргыдан мнемотехникаға байланысты шеберлік сағатын әдіскер Л.М.Куанова жүргізді. Педагогтар топқа бөлініп берілген халық ертегілеріне мнемотехника құрды. Екінші шеберлік сағаты бойынша педагогтарға тақырып берілді. Берілген тақырып бойынша алдымен ,әңгіме құрастырды. Құрастырылған әңгіме бойынша мнемокесте құрды. Барлық топтар белсенді қатысты, мнемокесте құрудағы оңай болған және қиын болған сәттермен бөлісті.

4. «Тіл татулық – тірегі» мәнерлеп оқу байқауы қорытындысы бойынша әдіскер Ахметкереева Л.С. сөз алды. Өткізілген байқауға педагогтер жақсы дайындалып, тәрбиеленушілер де белсенді қатысқанын айтты. Алдағы уақытта «Тілге бойлау» жобасын іске асыру мақсатында жоспарлы түрде мерекелік шаралар ұйымдастырылатынын атап өтті.

**Қаулы:**

1. Барлық педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жүйелі өткізу
2. Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу үшін шаралар ұйымдастыру, уақытты тиімді пайдалану .
3. Тәрбие іс –шараларын ұйымдастыруда халық ауыз әдебиетінің барлық түрлері мен формаларын тиімді пайдалана отырып, баланың сөйлеу тілін дамыту.
4. Қазақ тілін үйретуде байқауларды ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастыру.

Төрайымы: Иманбаева А.С.
Хатшы: Гиниятова А.Б